

**6D051800 – Жобаларды басқару мамандығы бойынша философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін ұсынған: Алашбаева Нурсулу Муханбетовнаның  
«Компанияның ресурстық дамуының инвестициялық жобаларын басқару әдістері  
(«ҚТЖ» ҰК» АҚ мысалында)» тақырыбындағы докторлық диссертациялық жұмысына  
ресми рецензенттің жазбаша пікірі**

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұсынымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p><b>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және /немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</b></p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландыратын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді: ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 желтоқсанда № 129 бұйрығымен бекітілген бағытына (4. Елдің зияткерлік әлеуеті. 4.2. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. Мамандандырылған бағыт – цифрландыру мен инвестициялық трансформация жағдайында салалар мен компаниялардың экономикасын, басқаруын және дамуын жетілдіру) сәйкес.</p> <p>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық дамуының басым бағыттары мен стратегиялық даму саясатын жүзеге асыруға бағытталған ресми құжаттарға сәйкес орындалған:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақстан Республикасы инвестициялық саясатының 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасы. ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 15 шілдесіндегі № 482 қаулысымен бекітілген.</li> <li>- Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидалары.</li> </ul>
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <b>қосады</b> /қоспайды, ал оның <b>маңыздылығы ашылған</b> /ашылмаған	<p>Жобаларды басқару ілімінің теориясы негізінен менеджменттің функционалдық бағыттарын кешенді түрде синтездеуге бағытталғанын ескерсек, бұл диссертациялық зерттеу тақырыбы компания ресурстарын дамытуды инвестициялық жобалар негізінде жүзеге асыру болып табылады. Осы негізде диссертациялық зерттеудегі Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік саласындағы инвестициялық жобаларды басқарудың әдістерін теориялық тұрғыдан зерделеу негізінде жасалған ғылыми-тәжірибелік ұсыныстары жобаларды басқару теориясына қосқан үлесі деп санауға болады.</p>

3	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>жоғары;</b></li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны және алынған нәтижелері автордың жазу деңгейінің жоғары екенін көрсетеді. Зерттеу барысында компанияның ресурстарын дамытуда қолданылатын инвестициялық жобаларды басқару әдістерін жетілдіруде кешендік және жүйелік тұжырымдар қолданылған. Бұл әдістердің тиімді қолданылуы жұмыста ұсынылған инвестициялық жобаларды басқарудың интеграцияланған және басқару жүйесін трансформациялаудың экономикалық моделдерімен айқын көрінеді.</p>
4	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>негізделген</b></li> <li>2) жартылай негізделген</li> <li>3) негізделмеген</li> </ol> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>айқынлайды</b></li> <li>2) жартылай айқындайды</li> <li>3) айқындамайды</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың маңыздылығы компанияның ресурстық дамуы жағдайында инвестициялық жобаларды басқарудың теориялық негіздері мен практикалық тетіктерін жетілдіру арқылы жобаларды тиімді іске асыруға, ресурстарды ұтымды пайдалануға және корпоративтік басқару жүйесін дамытуға қосқан үлесінде айқындалады.</p> <p>Диссертацияның мазмұны «Компанияның ресурстық дамуының инвестициялық жобаларын басқару әдістері» («ҚТЖ» ҰК» АҚ мысалында) тақырыбына толық сәйкес келеді және зерттеліп отырған мәселенің мәнін терең айқындайды. Жұмыстың құрылымы мен мазмұны компанияның ресурстық әлеуетін тиімді пайдалану, инвестициялық жобаларды басқару әдістерін жетілдіру және оларды корпоративтік стратегиямен үйлестіру мәселелерін кешенді түрде қарастырады.</p> <p>Бірінші тарауда, жобалық менеджменттің және инвестициялық жобаларды басқарудың теориялық және әдіснамалық негіздері сипатталған және инвестициялық жобаларды басқарудың заманауи озық әдістері зерделенген.</p> <p>Екінші тарауда, Қазақстандағы кәсіпорындардың инвестициялық жобаларының ресурстық даму жағдайын «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметін жан жақты талдау арқылы бағалаған.</p>

		<p>Үшінші тарауда жобалық менеджмент әдістерін қолдану арқылы инвестициялық жобаларды басқаруды оңтайландыру әдістері мен моделдері ұсынылған.</p> <p>Жалпы диссертациялық жұмыстың тақырыбы және зерттеу нәтижелері көтерілген ғылыми мәселелердің мазмұнымен сәйкестелген.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>сәйкес келеді;</u></b></li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмиді</li> </ol>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>толық байланысқан;</u></b></li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>
		<p>4.5. Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>сын талдау бар;</u></b></li> <li>2) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>

5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1. Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылады ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u></p> <p>2) <b>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b></p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары жаңа болып табылады. Зерттеу барысында компанияның ресурстық дамуын қамтамасыз ететін инвестициялық жобаларды басқарудың заманауи әдіснамалары негізінде теориялық және тәжірибелік тұрғыдан жаңа ғылыми тұжырымдар 75% деңгейдегі айтарлықтай жаңа болып табылады.</p>
		<p>5.2. Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) <b>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b></p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары ғылыми тұрғыдан негізделген теориялық нәтижелер мен кешенді талдауды қамтиды, олардың жиынтығы 75% деңгейінде ішінара жаңалық ретінде бағаланады.</p>
		<p>5.3. Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) <b>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b></p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің техникалық, технологиялық, экономикалық және басқарушылық шешімдері толық жаңа және ғылыми тұрғыдан негізделген. Зерттеу барысында әзірленген тәсілдер инвестициялық жобаларды басқарудың бұрын қолданылмаған әдістемелік шешімдерін қамтиды, олар компанияның ресурстық дамуын тиімді жоспарлау мен іске асыруға, корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ұсынылған шешімдер экономикалық және әлеуметтік әсерді қамтамасыз етеді, олардың практикалық қолданылуы 75% деңгейінде жаңа ғылыми нәтижелер ретінде бағаланады.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген/негізделмеген</b></p>	<p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылар ғылыми тұрғыдан кең ауқымды дәлелдемелерге сүйене отырып қалыптастырылған және зерттеу нәтижелерінің сенімділігін қамтамасыз етеді, бұл олардың теориялық және практикалық негізділігін көрсетеді. Атап айтқанда диссертациялық зерттеу жұмысының қорытындысы келесі ғылыми әдістемелер мен теориялық қағидаттарға негізделген:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік саласындағы кәсіпорындардың ресурстарын дамыту мәселесін талдап бағалауда математикалық-статистикалық және эмпирикалық әдістер қолданылған;</li> </ul>

			<p>- Инвестициалық жобаны басқару жолдарын жетілдіру мақсатында заманауи озық тәжірибелер зерделенген;</p> <p>- Зерттеу жұмыстарын жүргізгенде жобаларды басқарудың заманауи теориялары мен тұжырымдамалары және инвестициялық жобаларды басқарудың ерекшеліктерін ескеретін әдістемелер қолданылған, сонымен бірге жетілдіру жолдары ұсынылған.</p>
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Қорғауға шығарылған бірінші ереженің бағалану нәтижелері:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <b><u>дәлелденді:</u></b></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <b><u>жоқ</u></b></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <b><u>ия:</u></b></p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <b><u>кең</u></b></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <b><u>ия:</u></b></p> <p>2) жоқ</p>	<p><b>Бірінші ереже:</b> Компанияның ресурстық дамуы жағдайында инвестициялық жобалардың тиімділігін арттыру үшін жобаларды басқарудың икемді әдіснамалары мен білімдерді басқару құралдарын пайдалану қажеттілігі негізделді.</p> <p>Ережелері ғылыми негізделген және зерттеуде ақпараттарды зерделеу, логикалық талдау жүйелеу әдістері қолданылған. Зерттеу нәтижесінде алынған нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылады.</p>
		<p>Қорғауға шығарылған екінші ереженің бағалану нәтижелері:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <b><u>дәлелденді:</u></b></p>	<p><b>Екінші ереже:</b> «ҚТЖ» ҰК» АҚ талаптарына бейімделген Agile, GERT және Knowledge Management әдістерінің синергиясы негізінде инвестициялық жобаларды басқарудың интеграцияланған авторлық моделі әзірленді.</p>

	<p>2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді  4) дәлелденбеді  7.2 Тривиалды ма?  1) ия;  2) <b>жоқ</b>  7.3 Жаңа ма?  1) <b>ия</b>;  2) жоқ  7.4 Қолдану деңгейі:  1) тар;  2) орташа;  3) <b>кең</b>  7.5 Мақалада дәлелденген бе?  1) <b>ия</b>;  2) жоқ</p>	<p>Ереже ғылыми негізделген. Зерттеу нәтижесінің ғылыми және тәжірибелік жаңашылдығы бар. Зерттеу жұмысын жүргізген жобаларды басқару теориясының заманауи технологиялары мен әдістері қолданылған. Атап айтқанда Agile, GERT және Knowledge Management әдістерінің синергиясы ұтымды қолданылған.</p>
	<p>Қорғауға шығарылған үшінші ереженің бағалану нәтижелері:  7.1 Қағидат дәлелденді ме?  1) <u>дәлелденді</u>;  2) <b>шамамен дәлелденді</b>;  3) шамамен дәлелденбеді  4) дәлелденбеді  7.2 Тривиалды ма?  1) ия;  2) <b>жоқ</b>  7.3 Жаңа ма?  1) <b>ия</b>;  2) жоқ  7.4 Қолдану деңгейі:  1) <b>тар</b>;  2) орташа;  3) <u>кең</u>  7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p>	<p><b>Үшінші ереже:</b> Біріктірілген үлгіні енгізген жағдайда команда құштарлығының, іске асыру жылдамдығы мен коммуникация сапасының артуы сияқты жобалық іс- әрекет тиімділігінің жоғарылауын растайтын эмпирикалық зерттеу жүргізілді.</p> <p>Ережелері ғылыми-тәжірибелік зерттеу негізінде негізделген. Дәлелдену деңгейі жанама зерттеулер негізінде жүзеге асырылған. Зерттеу барысында экономикалық, маркетингтік, статистикалық әдістер қолданылған. Алынған нәтиже жалпы «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметін зерттеу негізінде жүргізілгендіктен қолдану деңгейі төмен.</p>

		<p>1) <b><u>ия:</u></b> 2) жоқ</p>	
		<p>Қорғауға шығарылған төртінші ереженің бағалану нәтижелері: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <b><u>дәлелденді:</u></b> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <b><u>жоқ</u></b> 7.3 Жаңа ма? 1) <b><u>ия:</u></b> 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <b><u>кең</u></b> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <b><u>ия:</u></b> 2) жоқ</p>	<p><b>Төртінші ереже:</b> Басқару жүйесін трансформациялауда оң нәтиже көрсеткен инвестициялық тиімділік көрсеткіштерін (NPV, IRR, PI) есептеу негізінде модельді енгізудің экономикалық нысаналылығы бағаланды.</p> <p>Ереже ғылыми негізделген және зерттеудің экономикалық әдістерді, статистикалық ақпараттарды талдау және математикалық аппараттарды қолдану көмегімен дәлелденген. Ереженің өзіндік және жаңалық сипаты бар. Автор компанияның ресурстық дамуы жағдайында инвестициялық жобалардың тиімділігін арттыру мақсатында басқарудың икемді әдіснамаларын ұтымды қолданған.</p>
		<p>Қорғауға шығарылған бесінші ереженің бағалану нәтижелері: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <b><u>дәлелденді:</u></b> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <b><u>жоқ</u></b> 7.3 Жаңа ма?</p>	<p><b>Бесінші ереже:</b> Модельді басқа инфрақұрылымдық ұйымдарда масштабтауды және практикалық қолдануды қамтамасыз ететін қолданбалы ұсынымдар мен жобалық құжаттардың шаблондары (жоба жарғысы, басқару жоспары, тәуекелдер тізілімі және т.б.) әзірленді.</p> <p>Ереже диссертациялық зерттеудегі алынған жаңалықтарды қолдануға жасалған әдістемеге негізделген. Ереже қағидаты толығымен дәлелденген. Ұсынылған әдістеменің өзіндік ғылыми-әдістемелік жаңашылдығы бар. Инвестициялық жобаның тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында жоба көрсеткіштерін жан-жақты талдап бағалауға негізделген әдістемелік әзірleme өзінің ерекшеліктерімен сипатталады.</p>

		<p>1) <b><u>ия:</u></b>  2) жоқ  7.4 Қолдану деңгейі:  1) тар;  2) орташа;  3) <b><u>кен</u></b>  7.5 Мақалада дәлелденген бе?  1) <b><u>ия:</u></b>  2) жоқ</p>	
8	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы-негізделген немесе әдіснама нақты жазылған  1) <b><u>ия:</u></b>  2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың зерттеу әдістемесін таңдау ғылыми тұрғыдан негізделген және тәжірибеде тексерілген. Бұл әдістеме инвестициялық жобаларды басқарудың тиімді тәсілдерін анықтауға, ресурстарды оңтайлы пайдалануға және корпоративтік стратегияны іске асыруға бағытталған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:  1) <b><u>ия:</u></b>  2) жоқ</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері заманауи ғылыми зерттеу әдістерін (абстрактылы-логикалық, есептеу-конструктивтік, бақылау, статистикалық әдістер, ақпаратты өңдеу және графикалық түрде көрсету әдістері) және деректерді өңдеудің компьютерлік технологияларды қолдану әдістемелерін пайдалана отырып алынған.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулерен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p>	<p>Теориялық қорытындысы, модельдері, анықталған өзара байланыстары дәлелденген және эксперименталдық зерттеумен расталған. Атап айтқанда диссертациялық жұмыстың теориялық маңыздылығы инфрақұрылымдық компанияларда жобаларды басқарудың икемді әдіснамалары мен білімдерді басқару жүйелерін пайдалана отырып, инвестициялық жобаларды тиімді басқару механизмдерінің әзірлеуі, «инвестициялық жобаларды икемді басқару» және «жобалық қызметте білімдерді басқару» ұғымдарының нақтылануы, Agile элементтерінің, Knowledge Management пен GERT</p>



		1) <b>ия;</b> 2) жоқ	алгоритмімен біріктіру негізінде ұсынылған интеграцияланған моделін айтуға болады.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> /ішінара расталған/ расталмаған.	Маңызды пікірлер өзекті және шынайы ғылыми әдебиетке сілтемелермен расталған, атап айтқанда, автор инвестицияларды басқару тұжырымдамасы мен жобалық басқару теориясының негіздерін құрайтын іргелі ғылыми еңбектерді шектеулі ресурстардың және сыртқы ортаның тұрлаусыздық жағдайында жұмыс істейтін компаниялар үшін жобалық басқару жүйелерін бейімдеу тәсілдерін әзірлеген. Сонымен бірге білімдерді басқару саласына қатысты зерттеулерге де баса назар аударып осы саладағы ғаламдардың компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және жобалық басқарудың кірігуін PMI, IPMA және ISO халықаралық стандарттарына негізделген инвестициялық жобаларды басқару үлгілерін әзірлеуде іргелі ғылыми еңбектерді зерделеген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b> /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін толығымен жеткілікті. Себебі жұмыста 106 ақпараттық көздер мен бірқатар заңнамалық құжаттар зерделенген,
9	Практикалық құндылық принципі	Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <b>ия;</b> 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар, жұмыстың теориялық нәтижелерінің дұрыстығы эксперименталдық деректермен және әдістемелік әзірлемелермен расталады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <b>ия;</b> 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы зор, бұған «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ының шаруашылық келісімшарттарға және ғылыми-зерттеу жұмыстарына ықпалдастығы ұсынылған әдістер мен модельдердің қолданысқа алынуы дәлел бола алады. Сонымен бірге ұсынылған тәсілдер компанияның инвестициялық жобаларының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді және алынған ғылыми нәтижелерді экономиканың басқа да салаларына бейімдеу жолы көрсетілген.

		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <b>толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Тәжірибеге арналған ұсыныстар ішінара жаңа (75%) болып табылады. Бұл бағалаудың айқын дәлелі болып зерттеу нәтижелерінің «ҚТЖ» ҰК» АҚ инвестициялық саясатына және білімдерді басқарудың корпоративтік жүйесіне енгізілуі және орындалған жұмыстардың қолданысқа енгізілгені туралы актілер мен сертификаттар растайды.
10	Жазу және ресмдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <b>жоғары;</b> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс ғылыми еңбектерге қойылатын талаптарға сәйкес өте жоғарғы жазу және ресімдеу сапасымен сипатталады.

Алашбаева Нурсулу Муханбетовнаның «Компанияның ресурстық дамуының инвестициялық жобаларын басқару әдістері («ҚТЖ» ҰК» АҚ мысалында)» тақырыбындағы докторлық диссертациялық жұмысы талаптарға сай орындалған толық ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады және дәйектілігі күмән тудырмайтын жаңа нәтижелерді қамтиды. Алашбаева Нурсулу Муханбетовнаның 6D051800 – «Жобаларды басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайық деп ұсынамын.

Ресми рецензент:

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің  
профессоры, экономика ғылымдарының докторы

\_\_\_\_\_ қолын растаймын:

Б.С. Толысбаев

